

## ҚАЗАҚТЫҢ ӨЗ АҒАСЫ – ӨЗБЕК ХАЛҚЫНЫҢ РОМАНДАРЫНЫҢ СҰЛТАНЫ – ПІРІМКҰЛ ҚАДИРОВ

*Абдурахимова Гулнур Айғали қизи*

*Шыршық мемлекеттік педагогика университеті*

*Қазақ тілі және әдебиеті бағытының магистранты*

*Ғылыми жетекшісі: Дуйсабаева Дилбар Ускановна*

**Аннотация.** Бұл мақалада өзбек әдебиетінің көрнекті өкілі Пірімқұл Қадировтың шығармашылығы кеңінен қарастырылып, оның тарихи романдарының көркемдік-идеялық ерекшеліктері талданады. Негізгі зерттеу нысаны ретінде жазушының «Жұлдызды түндер» романы алынып, ондағы тарихи шындық пен көркемдік қиялдың арақатынасы, кейіпкер психологиясы және ұлттық идея мәселелері сараланады. Сонымен қатар романның түркі халықтары әдебиетіндегі орны мен қазақ оқырманына әсері қарастырылады.

**Кіліт сөздер:** Пірімқұл Қадиров, тарихи роман, Жұлдызды түндер, Бабыр, түркі әдебиеті, қазақ-өзбек байланысы.

**Annotation.** This article comprehensively examines the work of the outstanding representative of Uzbek literature, Primkul Kadyrov, and analyzes the artistic and ideological features of his historical novels. The main object of research is the writer's novel "Starry Nights", and the relationship between historical reality and artistic imagination, the psychology of the character, and the issues of the national idea are analyzed. In addition, the place of the novel in the literature of the Turkic peoples and its impact on the Kazakh reader are considered.

**Keywords:** Primkul Kadyrov, historical novel, Starry Nights, Babur, Turkic literature, Kazakh-Uzbek relations.

**Кіріспе бөлім:** Түркі халықтарының әдебиеті – ортақ тарихи тамыр мен рухани құндылықтарға негізделген кең ауқымды мәдени кеңістік. Қазақ пен өзбек халықтарының әдеби байланысы ежелден тығыз дамып, бір-бірінің рухани байлығын толықтырып отырған. Осы әдеби кеңістікте ерекше орын алатын тұлғаның бірі – Пірімқұл Қадиров. Ол өзбек әдебиетіндегі тарихи роман жанрын биік деңгейге көтеріп, ұлттық тарихты көркемдік тұрғыдан жаңғыртқан қаламгер ретінде танылды. Жазушы шығармаларының ішінде ерекше танылған туынды – Жұлдызды түндер романы. Бұл шығармада Захириддин Мұхаммед Бабырдың өмірі арқылы тұтас бір дәуірдің тарихи шындығы бейнеленеді.

Мақаланың мақсаты – осы романның көркемдік ерекшеліктерін жан-жақты талдап, оның түркі әдебиетіндегі орнын анықтау.

**Негізгі бөлім:** Пірімқұл Қадиров – өзбек әдебиетіндегі тарихи роман жанрын жаңа деңгейге көтерген қаламгер. Ол әсіресе тарихи тұлғалар өмірін

көркем бейнелеуде шеберлігімен ерекшеленеді. Жазушының ең танымал шығармаларының бірі – Жұлдызды түндер романы. Бұл шығармада ұлы қолбасшы әрі мемлекет қайраткері Захириддин Мұхаммед Бабырдың өмір жолы суреттеледі. Романда тарихи деректер мен көркемдік қиял үйлесімді түрде берілген. Сонымен қатар жазушының Ана лоғы, Қара көздер сияқты шығармалары да адам тағдыры мен қоғам мәселелерін терең қозғайды.

Қадиров шығармашылығының басты ерекшелігі – тарихи шындықты көркемдік тұрғыдан жаңаша игеруі. Ол тарихи тұлғаларды тек дерек негізінде ғана емес, психологиялық тұрғыдан да терең ашып көрсетеді.

Мысалы, «Жұлдызды түндер» романында Захириддин Мұхаммед Бабыр тұлғасы күрделі характер иесі ретінде бейнеленеді. Автор оның ішкі жан дүниесін, арман-мұратын, тарихи тағдырын шынайы көрсетеді. Бұл тәсіл жазушының шығармаларын тек тарихи дерек емес, көркем әдебиет деңгейіне көтереді.

Қазақ пен өзбек халықтары – түбі бір, тілі мен мәдениеті жақын туыс халықтар. Сондықтан Пірімқұл Қадиров шығармалары қазақ оқырмандарына да етене жақын. Қадиров романдарындағы тақырыптар – елдік, ерлік, адамгершілік, тарихи жады – қазақ әдебиетіне де ортақ құндылықтар. Бұл екі халық әдебиетінің рухани үндестігін көрсетеді. Жазушы шығармалары қазақ тіліне аударылып, әдеби байланыстардың нығаюына ықпал етті. Осы арқылы түркі халықтарының ортақ әдеби кеңістігі кеңейе түсті.

Әйгілі жазушы өз романдарымен оқырманның көңіліне жол тауып, жүректерден орын алыған. Ал енді ақынның шығармасына үңіліп көрейік.

«Жұлдызды түндер» – тарихи роман жанрындағы ірі туынды. Романның негізгі тақырыбы – мемлекет қайраткері, қолбасшы және ақын Захириддин Мұхаммед Бабырдың күрделі тағдыры. Шығармада Бабырдың жастық шағынан бастап, билік үшін күресі, отанынан айырылып, жаңа мемлекет құру жолындағы қиындықтары кеңінен суреттеледі.

Романның басты идеясы – елдік пен ерлік, тарихи тағдыр, адамның рухани беріктігі, туған жерге деген сағыныш.

Автор Бабыр тұлғасы арқылы ұлт тағдыры мен жеке адамның тағдырын қатар көрсетеді.

Романның құндылығы – тарихи деректерге негізделі отырып, көркемдік деңгейде жазылуында. Пірімқұл Қадиров тарихи оқиғаларды құр баяндап қана қоймай, оларды әдеби образдар арқылы жандандырады. Шығармада нақты тарихи оқиғалар сақталғанымен, кейіпкерлердің ішкі сезімі, ой толғаныстары көркемдік қиял арқылы тереңдетілген. Мысалы, Бабырдың: жалғыздық сезімі,

билік жолындағы күмәні, туған жерге деген сағынышы өте әсерлі берілген. Бұл романның психологиялық тереңдігін арттырады.

Романдағы басты кейіпкер – Захириддин Мұхаммед Бабыр – тек тарихи тұлға емес, күрделі психологиялық образ ретінде ашылған.

Автор оны батыл қолбасшы, дана саясаткер, нәзік сезімді ақын ретінде жан-жақты көрсетеді.

Бабырдың ішкі әлемі, күмәні мен үміті, жеңілісі мен жеңісі арқылы адам болмысының терең қырлары ашылады. Бұл тәсіл романның көркемдік деңгейін көтеріп, оқырманға әсерін күшейтеді.

Сонымен қатар шығармада табиғат суреттері мен тарихи кеңістік үйлесімді беріледі. Бұл оқырманды сол дәуірге жетелеп, тарихи атмосфераны сезінуге мүмкіндік береді. Роман композициясы да күрделі: оқиғалар желісі біртіндеп дамып, кейіпкер тағдырымен тығыз байланыста өрбиді.

Жұлдызды түндер романы қазақ оқырмандарына да жақын шығарма. Себебі онда көтерілген мәселелер – ортақ түркілік құндылықтар. Қазақ әдебиетіндегі тарихи романдармен үндестік байқалады. Мысалы: ел тағдыры, батырлық рух, тарихи тұлғаны дәріптеу сияқты тақырыптар екі халық әдебиетіне де тән. Бұл шығарма қазақ-өзбек әдеби байланысының нығаюына үлкен үлес қосты.

**Қорытынды бөлім:** Пірімқұл Қадиров – тарихи роман жанрын дамытқан ірі қаламгер. Оның Жұлдызды түндер романы – түркі әдебиетінің алтын қорына енген туынды.

Зерттеу нәтижесінде келесі тұжырымдар жасалды:

1. Роман тарихи шындық пен көркемдік қиялдың үйлесімі арқылы жазылған.
2. Бабыр бейнесі жан-жақты, психологиялық тұрғыдан терең ашылған.
3. Шығарма түркі халықтарының ортақ рухани құндылықтарын бейнелейді.
4. Роман қазақ-өзбек әдеби байланысын нығайтатын маңызды туынды болып табылады.

Осылайша, Қадиров шығармашылығы – тек ұлттық емес, жалпы түркі әлемінің ортақ мәдени мұрасы.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Абдиманұлы Ө. Түркі халықтары әдеби байланыстары. – Алматы: Қазақ университеті, 2021
2. Қадиров П. Жұлдызды түндер. – Ташкент: Ғафур Ғұлам атындағы баспа, 1978.
3. Қирабаев С. Әдебиет теориясы. – Алматы: Мектеп, 2018.
4. Қодиров П. Юлдузлы тунлар. – Ташкент: Адабиёт, 2019.
5. Набиев Н. Өзбек әдебиетінің тарихы. – Ташкент: Фан, 2020.